

Ақпараттық хабарлама (бұдан әрі – Хабарлама)

Осы Хабарлама «Самұрық-Қазына» АҚ (бұдан әрі – Қор) Директорлар кеңесінің шешімімен (2014 жылғы 28 мамырдағы №110 хаттама) бекітілген «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) кемінде елу проценті «Самұрық-Қазына» АҚ-қа меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдардың активтер мен объектілерді сатуының бірыңғай қағидасына» (бұдан әрі – Бірыңғай қағида) және «Ақпараттық-оқу орталығы» АҚ (бұдан әрі – Ұйымдастырушы) Директорлар кеңесінің шешімімен (2014 жылғы 23 мамырдағы №66 хаттама) бекітілген «Мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында мүлік сату бойынша электрондық сауда-саттық өткізу регламентіне» (бұдан әрі – Регламент) сәйкес дайындалды.

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – ҚМГ) 2015 жылғы 23 маусымда сағат 11:00 (Астана уақыты) www.gosreestr.kz Мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында өтетін «Қазақ мұнай және газ институты» АҚ 100% акцияларын (бұдан әрі – Актив немесе ҚМГИ) сату бойынша электрондық конкурс (бұдан әрі – Конкурс) өткізетіні туралы жариялайды.

Актив туралы ақпарат

1.	Активтің атауы	«Қазақ мұнай және газ институты» АҚ
2.	Активтің меншік иесі	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, 010000, Астана қ., Қабанбай Батыр д-лы, 19 мекенжайында орналасқан. Байланыс телефоны +(7172) 976101; Есеп шоты: СТН 620 100 210 025 БСН 020240000555 Кбе 16, ЖСК: KZ356010111000002033 БСК/SWIFT: HSBKKZKX «Қазақстан Халық банкі» АҚ
3.	Актив қызметінің түрі	Инжинирингтік қызметтер, ғылыми-зерттеу жобалары және мұнай-газ және электр-энергетикалық салалардың кәсіпорындарына арнап өзі әзірлеген басқа да өнімдер.

4.	Активтің орналасқан жері және банк деректемелері	010000, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Иманов к-сі, 13, «Нұрсәулет-2» БО, 3-қабат. СТН: 620100210080 ЖСК:KZ806010111000020332 БСК: HSBKKZKX «Қазақстан Халық банкі» АҚ БСН 030140004289 Кбе16
5.	Алғашқы (бастапқы) баға	7 427 734 000 теңге
6.	Кепілдік жарнаның немесе банк кепілдігінің мөлшері (бастапқы бағаның 15%)	59 460 000 теңге
7.	Алғашқы бағаның өзгеру қадамы	Ағымдағы бағаның 0,5%
8.	Өтінімдерді қабылдау мерзімі	Хабарлама тізілімнің веб-порталында және мерзімді баспасөз басылымында хабарланған күннен бастап 30 күнтізбелік күн
9.	Активтің 2013 жылғы қаржы көрсеткіштері (мың теңге): Кірістер Шығыстар Қорытынды пайда Жеке капитал Активтер Міндеттемелер	 8 359 578 7 429 425 930 153 9 204 856 10 697 182 1 492 326

Активті сатудың ерекше шарттары

- 1) Активті сатып алу-сату шарты қол қойылған күннен бастап 2 жыл ішінде ҚМГИ қызметінің бейінін сақтау;
- 2) Қызмет көрсету туралы қолданыстағы ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді шарттар бойынша міндеттемелерді орындау;
- 3) Активті сатып алу-сату шарты қол қойылған күннен бастап 2 жыл ішінде ҚМГИ персоналының ағымдағы штат санын азайтпау;
- 4) Активті сатып алу-сату шарты қол қойылған күннен бастап 2 жыл ішінде ҚМГИ қызметкерлері жалақысының ағымдағы деңгейін азайту жағына өзгертпеу;
- 5) Сатып алушының Қазақстан Республикасының монополияға қарсы агенттігінің қажетті келісуін алуы.

Активті сатудың осы Ерекше шарттары Конкурса қатысушылардың конкурстық ұсыныстарын бағалаудың ең аз талаптары болып табылады.

Сатып алушыға хабарландыру!

ҚМГИ Англия және Уэльс заңнамасына сәйкес тіркелген KPJV Limited бірлескен кәсіпорны акционерлерінің бірі болып табылатынына Сатып алушының назарын аударамыз.

KPJV Limited акционерлерінің (ҚМГИ – 20% акция, «Fluor» – 30%, «WorleyParsons Limited» – 30% және «Қазгипромұнайтранс» инжинирингтік компаниясы» ЖШС – 20%) арасында жасалған акционерлік келісімнің 17-тармағына сәйкес KPJV Limited (яғни ҚМГИ) акционерін бақылауды ауыстыру KPJV Limited қалған акционерлеріне ҚМГИ-ден KPJV Limited акцияларын 1 акцияға шаққанда 1 фунт стерлингті (KPJV Limited 20% акциялары 20 фунт стерлингке тең) құрайтын номиналдық құн бойынша сатып алуға құқық береді.

Осылайша, KPJV Limited акционерлерінің ҚМГИ бақылаудың сатып алушыға ауысуын мақұлдамау тәуекелі және KPJV Limited акционерлерінің ҚМГИ-ге тиесілі KPJV Limited 20% акцияларын сатып алу құқығын сату тәуекелі бар.

Электрондық конкурса қатысушыларды тіркеу тәртібі (бұдан әрі – Конкурс)

1. Конкурса қатысушыларды тіркеу Хабарлама тізілімнің веб-порталында жарияланған күннен басталады және тиісті Конкурс басталғанға дейін екі сағат бұрын аяқталады.

2. Конкурса қатысу үшін төмендегі ақпаратты көрсетіп, мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында алдын ала тіркелу керек:

1) жеке тұлғалар үшін: жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН), тегі, аты мен әкесінің аты (болған жағдайда);

2) заңды тұлғалар үшін: бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН), толық атауы, бірінші басшысының тегі, аты мен әкесінің аты (болған жағдайда);

3) кепілдік жарнаны қайтару үшін екінші деңгейдегі банктегі банк шотының деректемелері;

4) байланыс деректері (почталық адрес, телефон, факс, e-mail).

Сондай-ақ мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында тіркелгенде, Бірыңғай қағиданың 134-тармағына және 135-тармағына сәйкес құжаттар беру керек.

Жоғарыда аталған деректер өзгерсе, қатысушы тізілімнің веб-порталына енгізген деректерді бір жұмыс күні ішінде өзгертеді.

3. Тізілімнің веб-порталында Конкурса қатысушы ретінде тіркелу үшін осы Хабарламаға №1 қосымшаға және қатысушының қол қойылған ЭЦҚ-ға сәйкес нысан бойынша Конкурса қатысуға арналған өтінімді тіркеу керек.

Конкурса қатысушы көрсетілген құжаттардың электрондық (сканерленген) көшірмелерін қосып, Конкурстың шарттарына келісетіні туралы өтінімді тіркейді:

1) Конкурса қатысушы қол қойған, арнайы бөлінген деректер базасының веб-бетіндегі электрондық конвертке қотарылатын баға ұсынысы;

2) оның ішінде Конкурсқа қатысушыларға және/немесе Хабарламада аталған мүлікті сатып алушыларға ерекше шарттарға сәйкес келу туралы растауды қамтитын конкурстық ұсыныс.

Бұдан басқа, Конкурсқа қатысушылар Бірыңғай қағиданың 148-тармағында көзделген құжаттардың электрондық (сканерленген) көшірмелерін қоса беруі тиіс.

Өзгелерден басқа, Конкурсқа қатысушылар өз бенефициарлары туралы ақпаратты ашатын құжаттың электрондық (сканерленген) көшірмесін қоса беруі тиіс.

Шетелдік заңды тұлғалар нотариаттық куәландырылған қазақ және/немесе орыс тілдеріндегі аудармамен бірге құрылтайшы құжаттардың нотариаттық куәландырылған көшірмелерін береді.

Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қазақстан Республикасы тарабы болып табылатын халықаралық шарттар мен келісімдерде өзгелері көзделмесе,

Шетелдік мемлекеттік органдар немесе ұйымдар берген құжаттар ұсынылған жағдайда осындай құжаттар белгіленген тәртіппен заңдастырылуы немесе апостильденуі тиіс.

4. Қатысушы өтінімді бергенге дейін «Ақпараттық-оқу орталығы» акционерлік қоғамының (Ұйымдастырушының) Хабарламада көрсетілген есеп шотына кепілдік жарнаны енгізеді. Төлем мақсаты: **электрондық Конкурсқа қатысу үшін кепілдік жарнасы** (кепілдік жарнасының мөлшеріне банк қызметтерін төлеу кірмейді).

Кепілдік жарнасын есептеу үшін деректемелер:

«Ақпараттық-оқу орталығы» акционерлік қоғамы

010000, Астана қ., Республика д-лы, 29-үй

Тел. (7172) 30-98-24, iac@gosreestr.kz

БСН 050540004455

БСК KZKOKZKX

ЖСК KZ52 9261 5011 0203 2004

Банк: «Қазкоммерцбанк» АҚ

КНП: 171

Кбе: 16

Ұйымдастырушының есебіне уақытылы түсіру мақсатында кепілдік жарнаны өтінімдерді қабылдау аяқталғанға дейін үш күннен кешіктірмей енгізу ұсынылады.

5. Қатысушы өзі енгізген кепілдік жарнаны қайтару құқығын жоғалтпай, Конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді берудің түпкілікті күні аяқталғанға дейін кез келген уақытта тізілімнің веб-порталын пайдаланып, Конкурсқа қатысуға арналған өтінімін шақыртып алуы мүмкін.

6. Мынадай жағдайларда кепілдік жарна қайтарылмайды:

1) Конкурстық қорытындылары туралы электрондық хаттамаға қол қоюдан бас тарту;

2) белгіленген тәртіппен сатып алу-сату шартына қол қоюдан бас тарту;

3) Сатып алушының сатып алу-сату шарты бойынша міндеттемелерді орындамауы немесе лайықты түрде орындамауы;

4) Конкурсқа қатысушыға (мүлікті сатып алушыға) қойылатын талаптарға сәйкессіздіктің анықталуы;

5) сатушыға тендерге немесе конкурсқа қатысушыға (мүлікті сатып алушыға) қойылатын қосымша талаптарға сәйкес келуді растайтын құжаттарды бермеу.

7. Конкурсқа қатысуға арналған өтінімдер тіркелгеннен кейін тізілімнің веб-порталында өтінім берілген Актив бойынша кепілдік жарнаның түскені туралы мәліметтердің деректер базасында бар-жоғы автоматты түрде тексеріледі.

8. Мәліметтердің деректер базасында кепілдік жарнаның Ұйымдастырушының шотына түскені туралы мәліметтер болған жағдайда тізілімнің веб-порталы өтінімді қабылдауды және Конкурсқа Қатысушыны жіберуді жүзеге асырады. Деректер базасында Ұйымдастырушының шотына кепілдік жарнаның келіп түскені туралы мәліметтер болмаған жағдайда тізілімнің веб-порталы қатысушының өтінімін қабылдамайды.

9. Назар аударыңыз! Қатысушының Регламент пен Бірыңғай қағиданың Конкурсқа тіркеу ережелерінің талаптарын сақтамауы, сондай-ақ кепілдік жарнаның ұйымдастырушының шотына түспеуі тізілімнің веб-порталында өтінімді қабылдаудан бас тарту үшін негіз болып табылады:

1) Конкурс басталғанға дейін екі сағат бұрын – кепілдік жарнаны «электрондық үкіметтің» Төлем шлюзі арқылы төлеген кезде;

2) Конкурс басталғанға дейін жиырма төрт сағат бұрын – кепілдік жарнаны қолма-қол ақшасыз төлеудің басқа да әдістері қолданылғанда.

10. Автоматты тексеру қорытындылары бойынша тізілімнің веб-порталы тізілімнің веб-порталында көрсетілген қатысушының электрондық адресіне өтінімді қабылдау туралы не өтінімді қабылдаудан бас тарту себептері туралы электрондық хабарландыру жібереді.

11. Аукционға жіберілген қатысушыға тізілімнің веб-порталы беретін аукциондық нөмір бойынша аукцион залына қол жеткізу рұқсаты беріледі.

12. Регламентте және Бірыңғай қағидада белгіленген тәртіппен тіркеуден өткен жеке және заңды тұлғалар, оның ішінде шетелдік жеке тұлғалар Конкурсқа қатысуға жіберіледі.

13. Мыналар қатысушылар ретінде Конкурсқа қатыспайды:

1) Конкурсты өткізу туралы хабарламада аталған Конкурсқа қатысушыларға қойылатын ерекше шарттарға сәйкес келмейтін заңды (жеке) тұлға;

2) ұйымдастырушы;

3) сатушы;

4) Қордың уәкілетті органының, Қор Басқармасының, ҚМГ комиссиясының, Қор комиссиясының мүшелері мен қызметкерлері, Конкурсты ұйымдастырушы, олардың жақын туыстары (ата-анасы, жұбайы (зайыбы), аға-інілері, апа-сіңлілері (қарындастары), балалары) немесе жекжаттары (ата-анасы, аға-інілері, апа-сіңлілері (қарындастары), жұбайының (зайыбының) балалары).

14. Ұйымдастырушы Конкурс жеңімпазы айқындалған күннен бастап үш күн ішінде Конкурста жеңген қатысушының кепілдік жарнасын сатушының шотына аударады және ол сатып алу-сату шарты бойынша Активтің құнын төлеу есебіне жатқызылады.

Осы Хабарламаның 6-тармағында көзделген жағдайларды есептемегенде, қалған жағдайларда Ұйымдастырушы Конкурс өткізілген күннен бастап үш банк күні ішінде кепілдік жарналарды қайтарады.

Конкурсты өткізу тәртібі

15. Аукционға қатысуға жіберілген қатысушыларды айқындау мақсатында Комиссияның мүшелері тізілімнің веб-порталында Конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді қарайды. Комиссия белгіленген тәртіппен кепілдік жарнаны енгізбеген Конкурсқа қатысушының өтінімін қарамайды.

16. Комиссия Конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді (конкурстық және бағалық ұсыныстардан басқа) қарайды және ашылған күннен бастап 5 күнтізбелік күн ішінде Конкурсқа қатысушыға оның өтінімінде анықталған Конкурс туралы хабарламаның және Регламенттің талаптарына сәйкессіздіктер (олар болған жағдайда) туралы қатысушының электрондық почтасына жіберілетін хабарландыру арқылы хабарлайды.

17. Комиссия хатшысы Конкурсқа қатысуға арналған өтінімдер ашылған күннен бастап 4 күнтізбелік күн ішінде тізілімнің веб-порталында жасалатын өтінімдерді ашу хаттамасының негізінде Хабарландыруды жасайды.

Комиссияның мүшелері өтінімдер ашылған күннен бастап 5 күнтізбелік күн ішінде ЭЦҚ пайдаланып, өтінімдерді ашу хаттамасына қол қояды.

Комиссияның мүшелерінің өтінімдерді ашу хаттамасына қол қою мүмкіндігі болмаған жағдайда комиссия хатшысы осы хаттамада қолдың болмау себебі қамтылған ақпаратты көрсетеді.

18. Өтінімдерді ашу хаттамасын мыналар белгіленеді:

1) комиссия өтінімдерді ашу хаттамасына қол қойған күннен бастап 7 күнтізбелік күннен кейін тағайындалатын Конкурсқа қатысушылардың өтінімдерін қайтадан ашу күні мен уақыты;

2) Конкурстың шарттарын қанағаттандыратын қатысушылар тізімі;

3) Конкурстың шарттарын қанағаттандырмайтын, өтінімдерді қайтадан ашу күніне дейін тізілімнің веб-порталында қатысушының ЭЦҚ қол қойылған қосымша өтінімін жасау арқылы анықталған сәйкессіздіктерді жоятын қатысушылардың тізімі.

19. Өтінімдер ашылған күннен бастап (өтінімге ескертулер болмаған жағдай) не өтінімдерді қайтадан қараған күннен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде комиссия конкурстық ұсыныстарды қоса есептегенде, өтінімдерді қарайды және комиссияның хатшысы тізілімнің веб-порталында жасаған Конкурсқа жіберу хаттамасына қол қояды.

Комиссия мүшесінің Конкурсқа жіберу хаттамасына қол қою мүмкіндігі болмаған жағдайда комиссия хатшысы осы хаттамада қолдың болмауы себебі қамтылған ақпаратты көрсетеді.

20. Конкурсқа қатысушыларды аукционға жіберу туралы шешімі комиссияның барлық мүшелері Конкурсқа жіберу туралы хаттамаға ЭЦҚ пайдаланып, қол қойған сәттен бастап, Конкурсқа қатысуға өтінімдер берген барлық қатысушыларды

электрондық почта арқылы автоматты түрде хабарландырылып, тізілімнің веб-порталында автоматты түрде жарияланады.

21. Конкурса қатысушыларды аукционға қатысуға жіберу хаттамасында мынадай ақпарат қамтылған:

- 1) себебі көрсетіліп, аукционға қатысуға жіберілмеген қатысушылар тізімі;
- 2) аукционды өткізу күні мен уақыты көрсетіліп, аукционға қатысуға жіберілген қатысушылар тізімі.

Комиссияның Конкурса кемінде екі қатысушыны жіберу аукционға жіберу туралы шешімі тізілімнің веб-порталында жарияланған күннен бастап бір жұмыс күні тізілімнің веб-порталында аукционды өткізу күні мен уақыты тағайындалады.

22. Аукционға жіберілген Конкурса қатысушылар ол басталғанға дейін бір сағат ішінде ЭЦҚ мен тізілімнің веб-порталында берілетін аукциондық нөмірді пайдаланып, аукциондық залға кіреді.

23. Аукцион тізілімнің веб-порталында тағайындалған уақытта басталады және былайша өткізіледі:

1) аукцион басталған сәтте аукцион залында Конкурса қатысушылардың өтінімде көрсетілген, сатушының комиссиясы белгілеген бастапқы бағадан кем болмайтын және ағымдағы баға қалыптасатын баға ұсынысы көрсетіледі;

2) аукцион басталған сәттен бастап қатысушыға ағымдағы ең үлкен бағаны сатушының комиссиясы белгілеген және Конкурсты өткізу туралы хабарламада көрсетілген қадамға ұлғайту мүмкіндігі беріледі;

3) егер аукцион басталғаннан кейін жиырма минут ішінде бірде-бір қатысушы ағымдағы ең үлкен бағаны ұлғайтпаса, онда оны ұсынған қатысушы жеңімпаз, ал осы лот бойынша аукцион өткізілді деп танылады;

4) егер аукцион басталғаннан кейін жиырма минут ішінде қатысушылардың біреуі басқа қатысушының ағымдағы ең үлкен бағасын Конкурсты өткізу туралы хабарламада көрсетілген қадамға ұлғайту арқылы Активті сатып алу ниетін растаса, онда ағымдағы баға белгілеген қадамға ұлғаяды;

5) егер ағымдағы бағаны ұлғайтқаннан кейін жиырма минут ішінде бірде-бір қатысушы ағымдағы бағаны ұлғайту арқылы сатылатын Активті сатып алу ниетін растамаса, онда сатылатын Активті сатып алу ниетін соңғы болып растаған қатысушы жеңімпаз, ал аукцион өткізілді деп танылады.

24. Аукцион басталған сәтте екі және одан да көп қатысушының баға ұсыныстары сатылатын Активтің бірдей ең жоғары бағасын қамтыса және осы ағымдағы баға жиырма минут ішінде ұлғайтылмаса, онда өтінімі ұсыныстары бірдей ең жоғары бағаны қамтитын қатысушылардың өтінімдерінен бұрын қабылданған қатысушы осы қатысушылар арасында аукцион жеңімпазы болып танылады.

25. Конкурс пен аукционның қорытындылары Конкурс қорытындылары туралы электрондық хаттамамен ресімделеді, оған сатушы мен жеңімпаз аукцион өткізілген күні ЭЦҚ пайдаланып, тізілімнің веб-порталында қол қояды.

26. Конкурс қорытындылары туралы электрондық хаттама аукционның нәтижелерін және жеңімпаз бен сатушының тізілімнің веб-порталында жасалған

Сату бағасы бойынша Активті сатып алу-сатудың үлгі шартының жобасына қол қою міндеттемелерін тіркейтін құжат болып табылады.

27. Тараптар тізілімнің веб-порталында Конкурстың қорытындылары шығарылған күннен бастап көп деген алпыс күнтізбелік күн мерзімінде келіскен жеңімпазбен жасалатын сатып алу-сату шартына қол қойылады.

28. Конкурста жеңген қатысушы Конкурстың қорытындылары туралы электрондық хаттамаға қол қоядан бас тартқан жағдайда сатушы кепілдік жарнаны қайтармайды.

29. Электрондық аукцион барысында техникалық іркіліс туындаған жағдайда Ұйымдастырушы техникалық іркіліс фактісін тіркейді және тізілімнің веб-порталының жағында техникалық іркіліс болған жағдайда тізілімнің веб-порталында ақпаратты орналастыру арқылы аукционға барлық қатысушыларға хабарлайды. Қатысушының компьютерлік және (немесе) телекоммуникациялық жабдықтың техникалық іркілісі болған жағдайда Электрондық аукцион жалғасады.

30. Аукционды өткізуге кедергі болған тізілімнің веб-порталындағы техникалық іркіліс фактісі болған жағдайда Ұйымдастырушы бұл туралы сатушыға хабарлап, оны жөндегеннен кейін аукционды үшінші жұмыс күнге ауыстырады және ақпаратты тізілімнің веб-порталында орналастыру және тізілімнің веб-порталында көрсетілген қатысушының электрондық адресіне электрондық хабарламаны жіберу арқылы осы аукционды жалғастыру күні мен уақыты туралы аукционға қатысушыларға міндетті түрде алдын ала хабарлайды.

Қорытынды ережелер

31. Сатып алу-сату шартына қол қою күніне орай сатып алушы сатушыға мынадай құжаттарды беруге міндеттенеді:

- (a) сатып алушының уәкілетті органының Активті сатып алу туралы шешімі;
- (b) сатып алушы өкілінің сатып алу-сату шартын жасасу өкілеттігін растайтын құжат;

32. Сатып алу-сату шартын жасасу негізі ретінде Конкурстың қорытындылары туралы электрондық хаттамаға сілтеме көрсетілген сатушы мен сатып алушы арасында сатып алу-сату шарты жасалады.

Сатушы сатып алу-сату шартында Активке меншік құқығы ол толық төленгеннен кейін сатып алушыда пайда болатыны туралы талапты көрсетеді.

33. Сатып алу-сату шартына қол қойған кезде жеңімпаз салыстыру үшін түпнұсқаларды не төменде көрсетілген құжаттардың нотариаттық куәландырылған көшірмелерін міндетті түрде беріп, сатушыға аталған құжаттардың көшірмелерін береді:

1) жеке тұлғалар үшін: паспорт немесе жеке тұлғаны куәландыратын құжат, сондай-ақ сатып алушының сатып алу-сату шартын жасасу өкілеттіктерін растайтын құжат;

2) заңды тұлғалар үшін: заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік не анықтама;

сатып алушы өкілінің өкілеттіктерін куәландыратын құжаты, сондай-ақ паспорт немесе заңды тұлға өкілінің тұлғасын куәландыратын құжат.

Салыстырудан кейін құжаттардың түпнұсқалары бір жұмыс сағат ішінде қайтарылады.

Конкурс жеңімпазы сатып алу-сату шартына қол қою кезінде өтінімге қоса берілген құжаттардың түпнұсқаларын не нотариаттық куәландырылған көшірмелерін сатушыға береді.

34. Сатып алу-сату шарты бойынша сатушы мен сатып алушы арасындағы есеп айырысу сатып алу-сату шартында көзделген тәртіппен жүргізіледі.

Сатушы мен сатып алушы арасындағы есеп айырысу сатып алу-сату шартында көрсетілген сатушының есеп шоты арқылы қолма-қол ақшасыз тәртіппен жүргізіледі.

Сатып алушы тізілімнің веб-порталында Конкурстың қорытындылары шығарылған күннен бастап 60 күнгізбелік ішінде сатып алу-сату шартына қол қоюдан бас тартқан не сатып алушы сатып алу-сату шарты міндеттемелерін орындамаған немесе лайықты түрде орындамаған не сатып алу-сату шартына қол қою кезінде 32 және 34-тармақтарда аталған құжаттарды сатушы бермеген жағдайда сатушы кепілдік жарнаны қайтармайды және ЭЦҚ қолданылып, тізілімнің веб-порталында қалыптасатын сауда-саттық нәтижелерінің күшін жою туралы актіге қол қойылады.

Сатып алушының сауда-саттыққа қатысуға арналған өтінімі осы Хабарламаның, Бірыңғай қағида мен Регламенттің талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Конкурсты өткізу туралы қосымша ақпаратты www.gosreestr.kz сайтында көруге болады немесе мынадай телефондар бойынша алуға болады: 8 (7172) 309-824 ішкі 211 («ИУЦ» АҚ) және 8 (7172) 976126, 8 (7172) 976328, 8 (7172) 979267 (ҚМГ).

Сондай-ақ Конкурсқа қатысушы Конкурсқа қатысуға арналған өтінімді тіркегеннен кейін ҚМГ-ге жазбаша сауал негізінде сатылатын Активті қарауға және Активпен, оның ішінде Актив бойынша құжаттама пакетімен танысу үшін ҚМГИ ақпараттық деректер пакетіне (Data room) қол жеткізуге құқылы. ҚМГ тапсырмасы бойынша, Құпиялылықты сақтау және ақпаратты жария етпеу туралы міндеттемеге (№2 қосымшаға сәйкес) қол қойғаннан кейін, ҚМГИ тарапынан 1 жұмыс күн ішінде ақпараттық деректер пакетіне (Data room) қол жеткізуге рұқсат беріледі.

Танысу Қазақстан Республикасы, Астана қ., Иманов к-сі, 13, «Нұрсәулет-2» БО, 3-қабат мекенжайында жұмыс күндері сағат 10.00-ден 18.00-ге жүргізіледі. Байланыс телефон: +(7172)550965 немесе +(7172)550970.

Өткізілетін Конкурсқа байланысты өтініш берушілердің құқықтары бұзылған жағдайда жүгіну үшін электрондық почтаның адресі мен телефон нөмірлері:

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ активтерді басқару департаментінің сарапшысы	Нұрболат Аманжолұлы Аманжол	N.Amanzhol@kmg.kz; жұмыс тел.: 8 (7172) 976126
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ активтерді басқару департаментінің талдаушысы	Тимур Айратұлы Нурғазиев	T.nurgaziyev@kmg.kz жұмыс тел.: 8 (7172)976328

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ сервистік жобалар департаментінің директордың орынбасары	Остапенко Юрий Иванович	Y.Ostapenko@kmg.kz; жұмыс тел.: 8 (7172) 979267
---	-------------------------	---

Хабарламаға
№1 қосымша

Активті сату бойынша электрондық конкурсқа (бұдан әрі – Конкурс) қатысуға арналған

ӨТІМ

1. Активті сату туралы жарияланған өтінімді қарап және мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында мүлікті сату бойынша электрондық сауда-саттық жүргізу регламентімен танысып,

_____ (жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) немесе заңды тұлғаның атауы)
20__ «__» _____ сағатта мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында өтетін Конкурсқа қатысуға ниет білдіреді.

2. Мен (біз) Конкурсқа қатысу үшін _____
(есеп шотының деректемелері көрсетіледі)
сауда-саттықты ұйымдастырушының есеп шотына жалпы сомасы _____ (_____) теңге
(цифрмен) (жазып көрсету)
мөлшеріндегі кепілдік жарнаны енгіздім.

3. Енгізілген кепілдік жарналары туралы мәліметтер:

№ р/ с	Кепілдік жарна мақсаты және сауда-саттыққа қатысу үшін кепілдік жарнасы енгізілген сату объектісінің атауы	№ төлем құжаты	Төлем құжатының күні	Кепілдік жарнасының сомасы, теңге
1				
2				
	Жиыны			

4. Мен (бір) төменде аталғандар Конкурсқа қатысушы ретінде тіркелмейтіні туралы хабардармын (хабардармыз):

- 1) Конкурсқа қатысушыларға және/немесе Конкурсты өткізу туралы хабарламада аталған мүлікті сатып алушыларға қойылатын қосымша талаптарға сәйкес келмейтін заңды (жеке) тұлға;
- 2) ұйымдастырушы;
- 3) сатушы.

4. Мен (біз) қатысушыға (сатып алушыға) қойылатын талаптарға сәйкес келмеген жағдайда Конкурсқа қатысу құқығынан айырылатыныма (айырылатынымызға), мен (біз) қол қойған Конкурстың қорытындылары туралы электрондық хаттаманың және сатып алу-сату шартының жарамсыз болып танылатынына келісемін (келісеміз).

5. Егер мен (біз) Конкурс жеңімпазы (жеңімпаздары) болып белгіленсем (белгіленсек), Конкурс өткізілген күні өзіме (өзімізге) мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында Конкурстық қорытындылары шығарылған күннен бастап алпыс күнтізбелік күн ішінде Конкурстың қорытындылары туралы электрондық хаттамаға қол қою және сатып алу-сату шартына қол қою міндеттемелерін қабылдаймын (қабылдаймыз).

6. Мен (біз) енгізген кепілдік жарнаның сомасы:

1) Конкурс қорытындылары туралы электрондық сатып алу-сату шартына қол қоюдан бас тартылғанда;

2) белгіленген мерзімде сатып алу-сату шартына қол қоюдан бас тартылғанда;

3) мен (біз) сатып алу-сату шарты бойынша міндеттемелерді орындағанда және/немесе лайықты түрде орындамағанда;

4) менің (біздің) тендерге немесе конкурсқа қатысушыға (мүлікті сатып алушыға) қойылатын талаптарға сәйкес келмейтінім (сәйкес келмейтініміз) анықталса;

5) тендерге немесе конкурсқа қатысушыға (мүлікті сатып алушыға) қойылатын талаптарға сәйкес келуді растайтын құжаттар сатушыға берілмегенде қайтарылмайтынына және сатушыда қалатынына келісемін (келісеміз).

7. Конкурстың қорытындылары туралы электрондық хаттамамен бірге осы өтінімнің сатып алу-сату шартын жасасқанға дейін қолданылатын шарттың күші болады.

8. Конкурсқа қатысушының баға ұсынысы, _____ тг. (тендерге немесе конкурсқа қатысушы толтырады).

9. Сатушы Конкурста Активтің алғашқы (бастапқы) бағасының 0,5%-ті мөлшерінде белгілеген бағаны өзгерту қадамына келісемін (келісеміз) және мен (біз) ұсынған бағамен немесе сауда-саттықты ағылшын әдісі бойынша аукционды өткізу барысында және нәтижесінде қалыптасқан ең жоғары бағамен Активті сатып алуға келісетінім (келісетініміз) туралы хабарлаймын (хабарлаймыз).

10. Өзім (өзіміз) туралы мынадай мәліметтерді ұсынамын (ұсынамыз):

Заңды тұлға үшін:

Атауы _____

БСН _____

Басшының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) _____

Мекенжайы : _____

Телефон (факс) нөмірі: _____

Банк деректемелері:

ЖСК _____

БСК _____

Банктің атауы _____

Кбе _____

Өтінімге мыналар қоса беріледі:

1) _____

2) _____

Жеке тұлға үшін:

Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) _____

ЖСН _____

Паспорт деректері _____

Мекенжайы: _____

Телефон (факс) нөмірі: _____

Банк деректемелері:

ЖСК _____

БСК _____

Банктің атауы _____

Кбе _____

Өтінімге мыналар қоса беріледі:

1) _____

(қолы) _____ (жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) немесе заңды тұлғаның атауы және заңды тұлғаның сенімхат негізінде іс-қимыл жасайтын басшысының немесе өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

20__ ж. «__» _____

М.О.

Мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында 20__ ж. «__» _____ сағат ____ минутта қабылданды.

Аукционға қатысушының аукциондық нөмірі _____

Хабарламаға
№2 қосымша

Құпиялылықты сақтау және ақпаратты жария етпеу туралы міндеттеме

Астана қ.

2014 жылғы " " _____

Мен, [құжатқа қол қоятын жеке тұлғаны аты-жөні], мекенжайым: [жеке тұлғаның мекенжайы], [құжатты берген органның атауы және беру күні] жеке куәлік/паспорт [құжаттың сериясы және нөмірі], электрондық почтамның адресі: [адрес@домен], «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) кемінде елу проценті «Самұрық-Қазына» АҚ-қа меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдардың активтер мен объектілерді сатуының бірыңғай қағидасының және Мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында мүлікті сату бойынша электрондық сауда-саттық өткізу регламентінің талаптарына сәйкес [сатылатын активтің/объектінің атауы] құжаттарымен/материалдарымен танысу нәтижелері бойынша, [сатылатын активтің/объектінің атауы] ақпараттық бөлмесіне қол жеткізе отырып, өзіме мынадай міндеттемелерді қабылдаймын:

1. Барлық аталған ақпарат [Сатушының атауы] айрықша меншігі болғандықтан және құпия болып есептелетіндіктен, [сатылатын активтің/объектінің атауы] қатысты ақпаратты, қаржы көрсеткіштерін, мүліктік құрамы мен оны сатудың нақты шарттарын жария етпеу.

2. Менің [сатылатын активтің/объектінің атауы] сатып алудағы мүдделілігіме байланысты сатылатын актив/объект туралы жалпы сипаттама алу мақсатын есептемегенде, құпия ақпаратты жеке пайда үшін қолданбау.
3. Маған танысу үшін берілген ақпаратты білетінімді [Сатушының атауы] зиян келтіре алатын мақсаттарда қолданбау.
4. Танысуға берілген құжаттарды қандай да бір болмасын түрде көшірмеу, оларды электрондық түрде сақтамау, оларды электрондық тасымалдағыштарға немесе өзге де техникалық құралдарға көшірмеу/аудармау.
5. Маған танысу үшін берілген құжаттардың түпнұсқаларын және/немесе көшірмелерін ақпараттық бөлменің үй-жайынан тыс жерге шығармау.
6. Сатылатын актив [объект] туралы қандай да бір болмасын ақпаратты алу үшін [Сатушының атауы] жауапты өкіліне ғана жүгіну.
7. [Сатылатын активтің/объектінің атауы] туралы алынған ақпаратты, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 64-бабында немесе «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-1-бабында белгіленген тұлға болып түсінілетін және танылатын менімен үлестес тұлғаға беру.
8. Егер мен осы міндеттеменің кез келген тармағын сақтамасам, осының нәтижесінде келтірілген залалды [Сатушының атауы] толық көлемде өтеуге міндеттенемін, сондай-ақ [қол қоюшы білдіретін заңды тұлғаның атауы] сауда-саттыққа жіберілмейтініне келісемін.

Осымен [қол қоюшы білдіретін заңды тұлғаның атауы] үлестес және тиісті түрде уәкілеттік берілген тұлғасы екенімді растаймын.

Қолы (ашып жазылуы)

Мөрдiң орны (болған жағдайда)